

**«Қарағанды облысы Ақтоғай ауданындағы М-43-140 (10Д-5а-11,12) алаңындағы барлау жоспарына қоршаған ортаға әсерді бағалау (ҚОӘБ)» материалдары бойынша қоғамдық тыңдау хаттамасы.**

**1. Өткізу күні:** 31 мамыр 2021ж.

**2. Өткізу орны:** Карантин ұзартылған жағдайда аталған, азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында қоғамдық тыңдаулар онлайн режимінде, ZOOM платформасында бейнеконференцбайланыс арқылы өткізілетін болады.

**3. Қоғамдық тыңдауды ұйымдастырды:** «Қарағанды облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ.

**4. Қоғамдық тыңдау өткізу туралы ақпарат жұртшылыққа назарына жеткізілді:** Ақпараттық хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында (хабарландыру 23 сәуір 2021 жылғы №16-17 (7802) «Ақтоғай ажары» газетінде, сондай-ақ «Қарағанды облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ <http://www.gov.kz> сайтында) жарияланды.

**5. Қатысқандар:**

1. Гермаш Н.В. – «Қарағанды облысы бойынша табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының» жергілікті атқарушы органының өкілі.

2. Қаура Д.Ж. – Ақтоғай ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің маманы.

3. Бекжанов А.М. - «Қарағанды облысы бойынша экология департаменті» РММ өкілі.

4. Калиев К.М. – «Орталыққазжерқойнауы» ӨД» РММ бас маманы.

5. Кусаинов А.М. - «Quantum minerals» ЖШС директоры.

6. Бакенова Э. М. - «Экогеоцентр» ЖШС экологы.

7. Ақтоғай ауданы тұрғындары.

Тіркеу парағы хаттамада көрсетілген.

*(толық тізімді хаттамаға қосымша ретінде ұсына отырып, барлық Қатысушыларды немесе қатысушылардың негізгі санатын көрсету)*

**6. Қоғамдық тыңдаудың күн тәртібі:**

1. «Қарағанды облысы Ақтоғай ауданындағы М-43-140 (10Д-5а-11,12) алаңындағы барлау жоспарына қоршаған ортаға әсерді бағалау (ҚОӘБ)» материалын жұртшылыққа ұсыну.

2. Жұртшылықты жобаны іске асыру нәтижесінде қоршаған ортадағы өзгерістерді, жобаның қоршаған ортаға әсері ету мүмкіндігі туралы ақпаратты ұсыну.

3. Ұсынылған құжаттамадағы олқылықтар мен кемшіліктерді, халықты алаңдаушылығын туғызатын мәселелерін анықтау.

**Тыңдауға келесідей ақпараттар ұсынылды:**

«Қарағанды облысы Ақтоғай ауданындағы М-43-140 (10Д-5а-11,12) алаңындағы барлау жоспарына қоршаған ортаға әсерді бағалау (ҚОӘБ)».

*Қоғамдық тыңдаудың бағдарламасы:*

Қоғамдық тыңдаудың қатысушыларын тіркеу, 10 мин;

Тыңдауды ашу, 5 мин;

Төрайымды және хатшыны сайлау, 5 мин;

Жоба бойынша баяндама, 15 мин;

Қатысушылардың сұрақтары, 30 мин;

Баяндамашылардың сұрақтарға жауаптары, 10 мин;

Қорытынды қабылдау (қаулы) қоғамдық тыңдау, 10 мин;

Қоғамдық тыңдауды жабу, 5 мин;

Қоғамдық тыңдаудың хаттамасына қол қою, 5 мин.  
(күн тәртібіндегі негізгі тармақтар және оларға қарастырылған уақыт шегі)

## **Қоғамдық тыңдаудың көпшілік даусымен**

**төрағасы** - «Quantum minerals» ЖШС директоры Кусаинов А.М.,  
«Экогеоцентр» ЖШС экологы Баекенова Э.М. **хатшы** болып сайланды.

### **7. Сөз сөйлегендер:**

Гермаш Н.В., Кусаинов А.М. – қоғамдық тыңдаудың ашылуы, кіріспе сөз.

Баекенова Э.М. – «Қарағанды облысы Ақтоғай ауданындағы М-43-140 (10Д-5а-11,12) алаңындағы барлау жоспарына қоршаған ортаға әсерді бағалау (ҚОӘБ)» материалдары бойынша ақпарат.

Бұдан әрі, ҚОӘБ материалдарды талдау және ұсыныстары мен ескертулер бойынша сұхбат өткізілді.

*(сөз сөйлегендердің тізбесі, олардың сөйлеген сөздері мен баяндамаларының тақырыбы және негізгі мәні, сөйлеген сөзі мен баяндамаларының мәтіні болған жағдайда, оларды хаттамаға қосымша ретінде қосу).*

### **8. Жұртшылық өкілдерінің ұсыныстары мен ескертулері, сұрақтары:**

1. Жұмыс қашан басталады? (Рыжова О.).

2. Ауылдан жұмыс учаскесі алыс па? (Кудайбергенова Н. Т.).

3. Қаржыландыру көзі? (Рыжова О.).

4. Жергілікті тұрғындар үшін жұмыс бола ма? Қандай мамандар қажет болады? (Рыжова О.).

5. Жұмыс қашан жүргізілетін болады, біздің электр қуатымызға әсер етпей ме? (Кудайбергенова Н. Т.).

6. Жұмыс аяқталғаннан кейін аумақты қалпына келтіру жүзеге асырылады ма? (Рыжова О.).

7. Жұмыстарды жүргізу кезінде жергілікті тұрғындарға әсер ете ме? (Жандильдина Т.).

8. Қандай ластаушы заттар шығарылады? (Гермаш Н.В.).

9. Аумақта өсімдіктер мен жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері бар ма? (Гермаш Н.В.).

*(сұрақты және жауапты, мақсатты топты немесе ұйымды көрсете отырып, ұсыныстар мен ескертулерді жазу; жазбаша көлемді ұсыныстар мен ескертулер болған кезде – оларды хаттамаға қосымша ретінде енгізу)*

### **9. Тапсырыс берушінің сұрақтарға, ұсыныстар мен ескертулерге жауаптары:**

1. Жұмыс 2021 жылдың шілде айында басталады. (Баекенова Э.М.).

2. Ең жақын Ағашкөл кенті жұмыс учаскесінен солтүстік-батыс бағытта 7 км қашықтықта орналасқан. (Баекенова Э.М.).

3. Жеке, меншікті қаражат. (Кусаинов А.М.).

4. Иә, жұмысқа жергілікті тұрғындар арасынан түрлі жұмысшылар тартылатын болады. (Кусаинов А.М.).

5. Жұмыстар жақын маңдағы ауылдардың электр энергиясына әсер етпейді, учаскеде дизельді электр станциясы пайдаланылатын болады. (Кусаинов А.М.).

6. Иә, жұмыстар жүргізілгеннен кейін бұрғылау алаңдары мен барлау арықтарын қалпына келтіру жүргізіледі. (Баекенова Э.М.).

7. Тұрғын аймаққа теріс әсер ету болжанбайды. (Баекенова Э.М.).

8. Бейорганикалық шаң, азот диоксиді, азот оксиді, көміртек оксиді, көміртек, күкірт диоксиді, күкіртті сутек, формальдегид, бенз/а/пирен, шекті көмірсутектер С12-С19. (Баекенова Э.М.).

9. Жұмыс учаскесі мемлекеттік орман қоры жерінен және Қарағанды облысының ерекше қорғалатын табиғи аумақтарынан тыс жерде орналасқан. Бұл аумақ Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген өсімдіктер мен жануарлардың кейбір түрлерінің таралу ареалдарына кіреді. (Баекенова Э.М.).

**10. Талқылау қорытындысы бойынша негізгі тұжырымдар:**

Принциптік келіспеушіліктер мен ескертулер жоқ. Қоғамдық тыңдаудың хаттамасы «Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында орналастырылады.

**11. Шешімге заңда белгіленген тәртіппен шағымдану мүмкіндігі.**

**Талдау нәтижелері:**

Дауыс беру өткізілді: жақтап дауыс берді - 14 адам, қарсы - 0 адам.

Қоғамдық тыңдаудың төрайымы:

Кусаинов А.М. - «Quantum minerals» ЖШС директоры \_\_\_\_\_



Қоғамдық тыңдаудың хатшысы:

Бакенова Э.М. - «Экогеоцентр» ЖШС экологы \_\_\_\_\_



Хаттама бекітілді.







**«Қарағанды облысы Ақтоғай ауданындағы М-43-140 (10Д-5а-11,12) алаңындағы барлау жоспарына қоршаған ортаға әсерді бағалау (ҚОӘБ)» материалы бойынша Қоғамдық тыңдаулардың қатысушыларын тіркеу парағы.**

2021 жыл 31 мамыр

Қоғамдық тыңдауға қатысқандар:

<b>№</b>	<b>ФИО</b>	<b>Ұйымның лауазымы және атауы</b>	<b>Қолы</b>
1	Гермаш Н.В.	«Қарағанды облысы бойынша табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының» жергілікті атқарушы органының өкілі	онлайн
2	Қаура Данияр Жақсыбергенұлы.	Ақтоғай ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің маманы	онлайн
3	Бекжанов Алмас Мұратұлы	«Қарағанды облысы бойынша экология департаменті» РММ өкілі	онлайн
4	Калиев Каныш Мухтарович	«Орталыққазжерқойнауы» ӨД» РММ бас маманы	онлайн
5	Кусаинов Алишер Маратович	«Quantum minerals» ЖШС директоры	онлайн
6	Баекенова Эльмира Маратовна	«Экогеоцентр» ЖШС экологы	онлайн
7	Нурбаев Асхат	Ақтоғай ауданының тұрғыны	онлайн
8	Кудайбергенова Н. Т.	Ақтоғай ауданының тұрғыны	онлайн
9	Нургалиева Камила	Ақтоғай ауданының тұрғыны	онлайн
10	Несембаев Серик	Ақтоғай ауданының тұрғыны	онлайн
11	Жандильдина Тамирис	Ақтоғай ауданының тұрғыны	онлайн
12	Рыжова Ольга	Ақтоғай ауданының тұрғыны	онлайн

Запись...

 Каныш Калиев МД Ц...	 Alisher Kussainov	 УПР и РП Кар. Обл * ...
 Эльмира Баекенова	Kamila Nurgali	Ольга Рыжова
 Кудайбергенова Н. Т.	Несембаев Серик	Кәсіпкерлік бөл...
Асхат Нурбаев	Тамирис Жанди...	 Алмас Бекжанов

Участники (12)

Найти участника

- УПР и РП ... (Организатор, я)
- Каныш Калиев МД Центр...
- Alisher Kussainov
- Эльмира Баекенова
- Kamila Nurgali

Пригласить Выкл. весь звук

Чат

От Асхат Нурбаев кому Все:

за

От Ольга Рыжова кому Все:

здравствуйте! местный житель.

Кому: Все

Файл

Активация Windows  
Введите здесь сообщение...  
Чтобы активировать Windows, перейдите в раздел "Параметры".